

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JGKX5150>

**\*С. Т. Елікпаев<sup>1</sup>, Б. Қ. Қапасова<sup>2</sup>, Д. А. Кожас<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

\*e-mail: [serik.elikbay@mail.ru](mailto:serik.elikbay@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫ: ӨЗГЕРІС ПЕН ҰЛАСУ**

*Қазақ әдебиетіндегі кешең зерттелген тақырыптың бірі кейіпкер болмысы. Бұған басты себеп кейінгі мол зерттеулер кезінде қазақ кейіпкерін жеке қарап зерттеу мүмкін болмай қалды. Патшалық Ресей, кеңестік кезеңде қазақ әдебиеті қосалқы, тіркемелі әдебиет есебінде зерттеліп келді. Алдыңғы қатарлы әдебиет орыс әдебиеті деп саналып, қазақ әдебиеті үлгі алушы шамасында ғана қалды. Бұл өз кезегінде дербес зерттеулерге мүмкіндік бермеді. Тіпті қазақ әдебиетіндегі Алпамыс, Қобыланды тектес, аға батырлар қағажу көріп әртүрлі шектеулерден шыға алмады. Тіпті бұл кейіпкерлер әдебиет ішінен алынып тасталып, оқытылмай қалды. Бұған себеп олар ұлт пен жұрт батырлары еді. Ұлт санасын оятпау үшін ел өзегіндегі негізгі кейіпкерлердің тілсересі қиылды.*

*Ал кейіпкер болмысы қатпар сыр мен кешенді қабаттардан тұрады. Кейіпкер ғұмыр кешкен уақыт, оның арман мен бағытты, мақсаты, мұраты мен тілегі бәрі жиналып келіп сол шақтағы кейіпкер ғана емес соны жасаушы халықтың хал-жағдайынан хабар береді. Кейіпкері өскен кемелденген елдің бодан болуы өте қиын. Қай қиналған тұста да рух демеушісі болып сенделген милләтін серпілте берері анық. Сондықтан жсаулап алушы, басқышы әр ел бағынушысының рух бағындағы бәйтеректерін, әдебиет қаһармандарын мансұқтауға тырысады. Биік мұратты ел өз әдеби кейіпкерін, жадында сақтап, үкілеп аялап уақыт желінде өлтіріп алмауға тырысады. Біздің бұл мақаламыз ұлт кейіпкерін зерттеуге жасалған бір қадам. Әдебиет тіні, негізгі өзегі кейіпкер болып қала бермек. Басқа жол жоқ. Ұлт жаңарып түлгенде, барлық керексізін лақтырып тастаса да әдебиетінен, сүйікті кейіпкерінен ажырауы мүмкін емес.*

*Кілтті сөздер: кейіпкер болмысы, өзгеріс, ұлт мұраты, кейіпкер жаны, рух тірегі, қазақ әдебиеті, әдебиет тіні*

**Кіріспе**

Қазақ әдебиетіндегі көп зерттеуді қажетсінер сала кейіпкер мәселесі екені анық. Біз бұған дейін қазақ әдебиетін зерттеуде мол тұсама, шартты шідерден шыға алмадық. Ал кейіпкері зерттелмеген әдебиет тұтас та, бүтін де емес. Кейіпкер өзгерісі даму жолы, өсуі пайда болуы деген тақырыптар кешенді зерттеудің басы болмағы ләзім. Босқаша болуы мүмкін емес. Кейіпкерді сүзгіден өткізіп, тым саясаттандырып жіберген шақтарда ұлт өзінің негізгі де қажетті кейіпкерлерінен көз жазып қалады.

Ендеше, кейіпкер табиғатын зерттеу бүгінгі күні кезек күттіртпес мәселелердің бірі десек жаза баспаймыз. Бұл мақаламызда осы тақырыпты негізгі өзек етіп алдық.

**Материалдар мен әдістер:**

Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер өзерісі мен жасалу табиғаты назарға алынды. Бүгінгі әдебиет пен бұрынғы әдебиеттегі кейіпкер байланысы.

Әдебиеттегі кейіпкерлер арқылы қоғам өзерісі, танымдық метомарфоza үдерісін зерттеп, баға беру. Кейіпкер табиғаты арқылы әдебиеттің қалай дамығанын анықтау. Бүгінгі және кешегі әдебиеттің басты мүдделерін ұғынып, бүгінгі күн биігінен баға беру. Зерттеу әдістері: әдеби талдау, салыстыру, бағалау.

**Нәтижелер және талқылау:**

Кейіпкерді зерттеу жалпы әдебиет тарихы, салыстырмалы әдебиеттану үрдісі арқылы қаралып, негізгі нысанға алынады. Бұнда салыстыру, саралау, шендестіру секілді әдістер негізге алынып отырып, негізгі нәтижеде кейіпкерге баға беріп, бүгінгі сұраныстарға жауап табуға тырыстық. «Халық өмірі... мың жылдап саналады» [1, 30]. Сол кезеңдегі немесе мың жылдықтар арасындағы кейіпкерлер өзгерісі әдебиет қана емес, ұлт өзгерісі десек қателеспейміз. Алдыңғысы жоқ әдебиет болмайды [2, 66].

Әлі ұзақ зерттелмеген объекті, немесе зерттеу басы бұл әдебиеттегі кейіпкер мәселесі. Әдебиеттегі кейіпкер бұл бұған дейінгі қанша мәрте айтылып жүрсе де, нағыз анық-қанығына жетпеген, қала берді біздің басымыздан өткен әртүрлі оқиғалар, кешегі патшалық Ресей, кеңестік кезеңде, тіпті қала берді бүгінгі тәуелсіз әдебиет шағында да молынан зерттелмеген болатын, бұған көптеген көп жағдаяттар да себеп болды. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер ол өзі бүтіндей жеке ұғым. Әдебиеттің эпостық дәрежеге жетуі үшін, немесе әдебиеттің толыққанды әдеби дәрежесіне айналуы үшін ең бірінші қажет дүниесі-бұл әдебиеттегі кейіпкердің болуы. Біз бұған дейін әдебиет кейіпкерлерін драмалық, лирикалық, эпикалық деп бөліп келдік. Осылай дей отырып, кейіпкерлерді бір шаблонға, қала берді, шықпайтұғын қорғанға салып тастадық, бұл өз дәрежесінде жақсы да, жаман да кері әсерлі себептерге, жолдан шығарар бұралаңға алып келді. Драмалық кейіпкер-ол

яғни екі сағаттың, қала берді пьесаның басталып, аяқталғанына дейін ғана жұрттың алдына көрініп, содан кейін шығарма біткенге дейін шығып кететін кейіпкер. Демек, драмалық шеңбер яғни уақыттық тәуелділікке байланды. Ал лирикалық кейіпкерге келетін болсақ, аталмыш кейіпкер – бұл тіпті болуы, болмауы шарт емес елестік дәрежедегі я бұлдырлық шарттан шыға алмады. Немесе ренкті дәрежеде кейде көрінетін, кейде көрінбейтін, кейде қажетті, кейде қажетсіз кейіпкер есебінде де танылып келді. Кейіпкерді зерттеуде мынандай дүниені біз анық біліп, ұғынуымыз қажет. Егер кейіпкер өзі бір жеке тұлға есебінде талданбайтын болатын болса, кейіпкер басындағы оқиға, кейіпкер басындағы жағдай, кейіпкер басындағы өтіп жатқан сәттер мен соның кешкен көңіл күйі - осының бәрі әдебиетті зерттеудегі негізгі сала болатындығын ұмытып кете береміз. Демек, кейіпкер өз қажетінде, өз керегінде ұстындық, тіндік дәрежеде болуы керек. Кейіпкер толысқан, өркенді әдебиеттің негізгі бөлшегі болуға тиісті. Кейіпкерсіз кемел әдебиет болмайды және болуға тиісті де емес. Толыққанды әдебиет болуы үшін, әрине, әдебиеттің ішіндегі баяндамалық түрде, қала берді, пейзаждық түрде, немесе новеллалық түрде, я болмаса лирикалық өлеңдер дәрежесінде кейіпкер шала көрініп персонаждық сияқты жоқ болып кетуі мүмкін [3, 177]. Немесе тіпті көрінбеуі де ғайбыл. Біз пейзаждық-сипаттамалық дәрежедегі дүниелерді айтқан кезде, шығарма желісін кейіпкерімен қатар дәрежеде салыстырып жүрміз. Яғни бұл антитеза есебінде пайдаланады. Егер кейіпкердің басындағы ішкі әлемін ашу үшін, соған қарама-қарсылық, кейде параллельді түрде көрсету үшін, біз даланың сипаттауы болмасын, табиғаттың түр-түсін, қала берді қыс, жаз, күздегі оқиғалар, кей қолданыста кейіпкердің жағдайы жақсы, көңіл-күйі жоғары дейтін болатын болсақ, мүмкіндігінше жарық күн, жылы ауа райы, көктем, жаз тектес шақтарды әдеби қаһарманмен бірге алып шығып, қатар қоямыз. Бұл арада біз бір нәрсені ұғынуымыз керек. Кейіпкер бұл арада салыстырмалы түрде көрініп тұр. Демек, біз кейіпкердің өзін ғана емес, кейіпкермен қатар, соныменен іргелес сипаттас, тұстас, сыбайлас екінші бір оқиғаны баяндап отырымыз. Немесе біз кейіпкердің көңіл-күйіне даланың пейзаждың суретін қарсы қоямыз. Бұл өз керегінде мынандай ұғылыматты көрсетеді, біз кейіпкердің көңіл-күйін беруіміз үшін сол даланың көрінісін, қоршаған ортаның сол кездегі түрін, тұрысын, күннің жарығын, желдің соққанын, ақ боранды, соққан желді т.б. осының бәрін қатарлата алып келіп, кейіпкердің бейнесін ашуға қосымша әдіс есебінде қолданамыз. Бұл үрдіс өзімізге мәлім М. Әуезовтің 20-шы жылдары жазылған әңгімелерінің ішінде молынан, көптеп қолданылады. Бірақ, бұған қарап отырып, бұл негізгі әдіс деп айтуға болмайды. Бұл кейіпкерді ашуға, кейіпкерді танытуға көрсетілген өзгеше бір сипаттың түрлері. Яғни, біз кейіпкердің ішкі әлемін ашудағы салыстырмалы суреттеу деп айтуымыз керек Соның ішінде кейіпкер егер

орталықтағы негізгі ядро, орталық жұлге болатын болса, соған қосымша әрлеуші сипат деп ұғынуымыз керек. Немесе соның ішіндегі ішкі әлемді таныту үшін қолданылатын, негізгіге жалғас, соныменен іргелес сипаттас кейіпкерді айқындау түрі деп ұғынуымыз керек. Бұдан бірақ, кейіпкердің бүтіндей ішкі әлемі ашылмайды. Бұл арқылы кей жағдайда суреткердің шеберлігін, суреткердің қарымдылығын, тіл байлығын, таным байлығын біліп, ұғынып жатамыз. Осының бәрі айналып келгенде кейіпкердің ішкі әлемін танытуға көрсетер дүние. Бұл бірақ, кейіпкер жөнінде емес. Енді орталықтағы негізгі кейіпкер, пайда болған сәтінен бастап, сол шығарма біткенге дейінгі арасындағы оқиға кейіпкердің сыртқы әлемін алып келеді. Кейіпкер жөніндегі суреттеме, мысалы тағы да айталық, өзімізге мағлұм «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың портреті. Бұған қосымша, Абайдың әр шақтары балаң шақтардағы, одан кейінгі ірі Абайдың, кексе тартқан Абайдың арасындағы суреттері, түр-түсі, көзқарасы, бет-әлпеті өзгеше сора, бөлек соқпақ. Осының бәрі айналып келгенде, кейіпкердің сыртқы сипатын береді. М. Әуезов «Абай жолын» жазып отырған тұстарда, өзі ұнатар, өзі жақсы көрер, я болмаса, өзі арқылы оқырман жақсы көруге тиісті кейіпкердің суретін айтқан кезде, көбінесе соның жақсы жақтарын термелеп жазады. Бұл жалпы кейіпкердің сыртқы және ішкі формасы. Өзіміз білетіндей, ауыз әдебиетінде, біздің негізгі әдебиеттеріміздің бастауы- фольклорда, жалпы бүкіл әлем әдебиеті ауыз әдебиетінен бастау алатынына қол қойсақ, ауыз әдебиетіндегі жағымсыз кейіпкердің сыртқы әлпеті, сыртқы түрі, осының бәрі тек қана істеген ісі емес, алғашқы көрінген шағында-ақ жаман түріменен көрінеді. Айталық, Жалмауыз кемпір. Жалмауыз кемпірдің азайған сәнсіз, сойдақты тістері, әжімді беттері, ұрадай жасырынған көздері, тіл қатқандағы сөзі, осының бәрі, түр-сипаты жаман екендегін, біз кейіпкерді анық ұғынбай жатсақ та, осының болашақта жамандық істейтінін біліп, топшылауымыз үшін ең алдыменен, контекстің ішіндегі кейіпкердің көріну сипаты тосылады. Қала берді, бұған қоса өзімізге мәлім, мысалы айталық, Қодар образы. Сол Қодар образының ішінде де қарайтын болсақ, Қодардың түрі, «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» оның түрінің жамандығы, түр-сипатының ебедейсіздігі, тұрпайылығы, осының бәрі бірігіп келіп, кейіпкердің болашақта жасар жаман ісінің хабаршысы тектес, түріменен екеуінің қабаттасып келетініне алып келеді. Демек, бұнда образдың пішімімен ішкі әрекеті қабысып кетеді. Жалпы қазақ әдебиетіндегі сырты әдемі іші зұлым қаһармандардың пайда болуы, өзгеше кезең көрінісі десек болады. Ал кейінгі кезеңдегі, табиғаттын немесе сыртқы аядағы көрініс осыған сай образ істеген ісі, я болмаса қиын-қыстау аномалді шақтағы кейіпкердің ішкі әлемі бәрі біріге келіп кейіпкердің өзінің көріну дәрежес танытады. Қаһарман түрі, сипаты, осының қорға жиналып келген кезінде, сол персонаждың болашақта жаман немесе жақсы

болар екендігіне алып келеді. Біз Кеңестік дәуір кезеңінде ұлтқа керекті дүниеден, негізгі қажеттен ажырап қалдық, ол жағымды және жағымсыз образ деп бар әдеби тұлғаларды тар кеңістікке шегелеп, ары шығармадық. Мысалы, М. Әуезов өзінің Абай образын жасағанда орыс ұлты кейіпкерлерді алдыға салды, солардың ыңғайына жығылды [4, 183].

Біздің ұмыт қалған дүниеміз- жағымды жағымсыз образдардан бөлек, әдебиеттің ішіндегі, қала берді қазақ әдебиетінің ішінде бейтарап образдың болатындығын қаперден шығардық. Кеңестік кезеңдегі цензура образдар арқылы айқын көрінді. Бейтарап образ дегеніміз-бұл жақсылық пенен жамандықтың ішінде де жоқ, бұнымен қатар, тіпті, жақсылық жасаушылардың ішінде де жоқ, жамандық жасаушылардың ішінде де жоқ аралық бейне екенін түсіне алмадық. Есесіне, сын көзбен қарайтын, кейбір тұстарда негізгі оқиғаға араласпайтын, тіпті қала берді жақсылық жасаушыларға, жамандық жасаушыларға көмектеспесе де, соның ортасындағы қатал сыншыдай, екі жаққа бірдей айырылып бөлінбейтін кейіпкерлерді біз бұған дейін ұлттық сана санатына немесе негізгі айналымға ала алмай қалдық. Себебі, кеңестік дәуірдегі кейіпкерлерді екіге бөлу – бұл ескіден басталған маркстық, лениндік саясаттың, дүниені таптардың билейтіндігі жайлы пәлсапа ұстыны болатын. Яғни, билеуші таптың, қаналушы таптың болатындығының негізгі концептісі жасалған сәттен барып, қазақ әдебиетіндегі бар кейіпкерлер екіге бөлініп кетті. Ұлт кейіпкерлері екіге бөлініп кеткен кезде, ортада адами сана биігіндегі әрі-сәрі тұрғандардың, кеңестік «қатал сыншылардың» бөліп жіліктеуінен соң, ортада беймарал қалудың өзі сол кейіпкерді жасаушы жазарман емес, сол қоғамдағы адамдардың өзіне қауіпті болғандықтан, азат ойлы, ақ саналы кейіпкерлерден бәрі бас тартты. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болар қасиеттен айрылды [5, 87]. Сол шақта мүмкіндігінше кеңестік дәуір кезеңінде бұған дейінгі ұлттық сана, ұлттық ұғым, ұлттық танымда қажетсіз, керексіз, қазақ ұлтының ұғымындағы санатына кірмейтін, қала берді қазақ ұғымының ішінде қатарға қосылмайтын дербес танымда «жаман» деп аталар кейіпкерлерді құлағынан сүйреп шығарып, жақсының қатарына қосу керек деген ұлт танымына жат процестер басталып кетті. Осының әсерінен бейтарап кейіпкерлерден айырылып қалдық. Ескіден мәлім, қалыптасқан «жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жақсыдан жаман туады, адам айтса нанғысыз» деп қазақ санасында шегеленген пікірлер тәрк етіліп кеңестік-орыстық идея күшпен таңылып, әдебиет айналысына кірді. Осы шетін ұғымдар арқылы әдебиеттің кейіпкерлерінің сыртқы пішіні өрнектелді, іші орыстық балшеуіктік бояуға малынды. Кеңестік дәуірдегі біз жоғалтқан көп тұсымыз - біздің ұлттық танымдағы, ұлттық мұраттағы қызмет ететін кейіпкерлеріміз шектеліп, жүген құрыққа түсіп, бұлардың бәрі қоқысқа лақтырылды. Осының ішінде шоқтығы биік, жолы сора Аяз би,

Мадан хан, Жиренше, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, тағы басқа негізгі ұлтқа жақын, қазақтың өзі жақсы көрген, өзі әспеттеген кейіпкерлер уақыт өте келе бұлардың бәрі күресінге итерілді. Қазақ әдебиеті кейіпкерлерінің классификациясын жасаған кезде оларды саралап, жіктеп талдаған кезде біз мынаны міндетті түрде басты назарға алуымыз қажет.

Біріншіден, біз кейіпкерлерді ұлт кейіпкері және сырт кейіпкері деп бөлеміз. Сырт кейіпкерлер өкінішке орай, біздің бүгінгі жаһандану, глобализация шағында біздің әдебиетімізге бөгетсіз, әбден араласып, бүтіндей жаулап алды десек те болады. Бұның көптеген себептері бар, бірақ сол себептердің ішіндегі басты себебі, бүгінгі уақытта ұлттың өзі жеке саяқ қала алмайтыны. Ұлттың өзі жеке өмір сүре алмайтыны, ұлттың бүгінгі әлемдік жаһандануға араласуға тиіс екендігін біле тұра, оған қоса мемлекетаралық араласу түбі жұтылу қатері барлығын қаперге алмастан, бұл уақытта бүтіндей шекара емес, руханиятымыздың қақпасының топсасы босаған кезде «бостандыққа» жолықтық. Ұлт үшін өкінішке орай, сол жаһандану дәуірі деп дарбазамыз ашылған шақта, біздің ұлт әдебиеті ішінде ұлттың танымын қорғап алатын, рухымызды шығынсыз аман сақтап қалатын кейіпкерлер әдебиетіміз ішінде табылмай қалды. Біз бұған дейінгі кеңестік дәуірде жақсы деп саналған «Абай жолы» романының ішіндегі Абай, «Адасқандар» туындылары ішіндегі образдар типтес, одан кейінгі Қабдеш Жұмаділов, Дулат Исабеков, Мұхтар Мағауин секілді суреткерлердің кеңестік дәуірде жасаған бейнелерін әлі күнге дейін талғажау етіп, айналыста ұстауымыз. Өкінішке орай, бүгінгі оқулықтағы, зерттеу нысанасы болып жүрген – бұл әдебиет туындылары жазылған кезде, аталмыш жазушылардың кейіпкерлері жасалған мезеттерде қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі жоқ болатын. Бұл қазақ әдебиетіндегі саптаяқтың басын сапырып, ұшынан қарауыл қойып отырған кез еді. Осының әсерінен кеңестік дәуірдегі негізді ұстыннан шыға алмаған, сол идеологияға бағынған кейіпкерлері біз әлі ығыстыра алмай отырмыз.

Себебі, біз әлі тәуелсіз әдебиеттану саласын қолға ала алмадық. Әдебиеттану басында тұрған А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан» соң ұлт мүдделі зерттеу жарық көрмеді. Егер қытай ақындары ертеде «жан» мен «ойдың» әдебиеттегі орны жайлы қалам тербесе қазақ ақындары «қазақ жаны» жайлы жаза алмады. Тіпті, мифтегі ұлттық мәнерден ада қалдық [6, 125]. Қазақ әдебиеті кейіпкері жайлы айтқанда біз оның жанын аттап өте алмаймыз. Осыдан барып қазақ кейіпкерінің ішкі дүниесі бет береді.

- қазақ әдебиеті кейіпкері нені аңсады,
- қай өңірді, ландшафты өзіне жақын тұтты,
- отаншылдығы, отбасын сүйер мінезі қандай еді,
- өнердің қай түрін жанына жақын тұтты,



- өмір сүрудегі ұстанымы қандай еді.

Осының бәрі топтаса келіп қазақ әдебиеті кейіпкері арқылы ұлт бейнесін жасады. Ескі ертедегі кәрі туындыларда қазақ ұлтының жан туралы түсінігі басқаша білінеді. Мысалы, Шойынқұлақтың жаны өзінен бөлек. Ал жағымды кейіпкер Ер Төстік жаны өзімен бірге. Шойынқұлақ жанының тасымалдануы, қазақ даласындағы инкорнация тіпті даладағы буддизм мен тәңіршілдік майданы деп тұжырымдауға болады. Нағыз ер жаны өзімен бірге бір ғана өлім бар-ол ер өлімі деген ұғым арқылы айнымас мінезін сипаттайтындай. Бұл әлем әдебиетіндегі бар ұғымға қазақ әлемінің қарсылығы секілді сезіледі. Өйтпесе бұндай ұғымдар Шығыс, Таяу Шығыс, жапон әдебиетінде молынан кездесетін [7, 415].

Кейінгі қазақ әдебиетінде адам кейіпкердің басқаға, мысалы сонаға айналып кетуі кейінгі қазақ әдебиетінде кездеседі [8, 214].

Дегенмен бұл кейінгі әдебиетте де мол үрдіс алған жоқ. Шамасы ішкі қарсылық пен бейтаным мүмкіндік бермесе керек. Әсіресе кеңестік кезеңде кейіпкер өзгерудің жаңа үлгісі бет берді.

Бұрынғы дұрыс жандар, кеңестік шақта мүлдем басқаша әлпетпен ұлықталды. Яғни бұған дейінгі ұлт қорғандары бағырлар, байлар, шешендер енді үстем тап өкіліне айналып, мансұқталды. Есесіне қазақ мұратын емес, тап деп бөлінген пікірлер белең алды. Жергөгімде тап деп тудым,- деген сөздер ұлықталды. Ұлт бағыт бағдары бұзылды. Партия насихатшыларына айналған шығармалар жадау тартты [9, 387].

**Қорытынды.** Социалистік реализм секілді әдебиеттегі сырқынды әдіс ұлттық сананы тежеп, бөгеп тастады. Өкінішке орай бүгінгі «тәуелсіздік» кезеңінде де ескі айналымнан шыға алмай қалдық. Кейіпкерді жасауда, тудыруда инерциялық сана ағымы әлі де өз шырмауынан жібермеуде.

Демек, біз кейіпкер өзгерісі әдебиеттің басты бөлшегі екенін айтқымыз келеді. Шығарма идеясы, фабула-композициясы осы кейіпкерге тікелей байланысты. Егер кейіпкер ісі сенімсіз, оқырманын тартпас дәрежеде болатын болса шығарманың оқылмасы анық. Ал оқылмас туынды, сұраныссыз әдебиетке әкеледі.

Бұның аяғы әдебиет ғана емес, руханият әлсіздігіне жеткізеді. Рухы әлсіз елдің идеологиясы босаң болары сөзсіз. Ұлттық идеологиясы әлсіз жұрттың ертеңі күмәнді.

Уақыт өткен сайын классиктердің ойын түсіну, тілін ұғыну ауыр, күрделеніледі. Орыс зерттеушілері де Пушкин, Эсхил секілді алыс, оның тілін шетел тіліндей оқу қажет дей бастады [10, 14].

Демек, кейіпкерді зерттеу арқылы ғана тәуелсіз әдебиет теориясы жасалады. Басқа жол жоқ.

**Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Байтұрсынұлы, А.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Алаш» баспасы, 2005 –3 – Т.– 350 б.
- 2 **Мұстамбайұлы, Ы.** Көркем әдебиет туралы // Алаш ақиықтары :Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар – Алматы : «Алаш» баспасы, 2006 – 5 – Т.– 288 б.
- 3 **Хализев, В. Е.** Теория литературы – М. : «Академия» , 2009. – 432 с.
- 4 **Әуезов, М.** Әдебиет туралы – Алматы : «Санат» баспасы, 1997 – 304 б.
- 5 **Бычков, В. В.** Миф о пространстве художественной символизации // Вопросы философии. – 2013, № 9. – с. 192:
- 6 «Қазақ» газеті – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 – 560 б.
- 7 Мифы народов мира – М. Советская энциклопедия, 1987 – Т. 1 А–К. – 671 с.
- 8 **Бөкей, О.** –Алматы : «Ел-шежіре» баспасы, 2013 – Т.2.384- б.
- 9 **Ергөбек, Қ.** Қарасөз –Алматы : «Ел-шежіре» баспасы, 2013 – 600 б.
- 10 **Гаспаров, М. Л.** Как писать историю литературы // Новое литературное обозрение. – 2003. № 59. – с. 145: Столетие как мера, или классика на фоне современности // Новое литературное обозрение. 2003. – № 62. – с. 14

**References**

- 1 **Baitursynuly, A.** bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Collection of works in five volumes] – Almaty: «Alash» baspasy, 2005. 3-t. – 350 p.
- 2 **Mustambaully, Y.** Kórkem ádebiet turaly // [About fiction], – Alash aqıyqtary: Maqalalar, derekti qujattar, aýdarmalar. – Almaty : «Alash» baspasy, 2006 – 5 t. – 288 p.
- 3 **Halizev, V. E.** ádebiet teoriasy, [Theory of literature]. – Moscow: «Akademiya», 2009. – 432 b.
- 4 **Áýezov, M.** Ádebiet turaly, [About literature]. – Almaty : «Sanat» baspasy, 1997 – 304 p.
- 5 **Bychkov, V. V.** kórkem simvolizasiya keńistigi týraly Mıf. [The myth of the space of ignorant symbolization]. – // filosofia máseleleri. – 2013. № 9. – P. 192:
- 6 «Qazaq «gazeti-Almaty:» Qazaq ensiklopediasy». [Kazakh newspaper- Almaty : «Kazakh encyclopedia» Bas redaksiyası]. – 1998 – 560 p.
- 7 Álem halyqtarynyń mıfteri. [Myths of the peoples of the world]. – M. Sovet ensiklopediasy, 1987 – T. 1 A-K – 671 p.
- 8 **Bókei, O.** -Almaty : «El-shejire» baspasy, 2013 – T. 2. 384 p.

9 **Ergóbek, Q.** Qarasóz -Almaty : «El-shejire» baspasy, 2013 – 600 p.

10 **Gasparov, M. L.** ádebiet tarihyň qalal jazýğa bolady. // Jaňa ádebi sholý. [How to write a literary history]. – 2003. № 59. – P. 145: ǵasyr ólsheń retinde nemese qazirgi zamannyń fonyndaǵy klasika // Jaňa ádebi sholý. – 2003. – № 62. – P. 14.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

\*С. Т. Еликпаев<sup>1</sup>, Б. К. Капасова<sup>2</sup>, Д. А. Кожас<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

## ЛИЧНОСТЬ ГЕРОЯ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ПЕРЕМНЫ И ПЕРЕРАСТАНИЕ

*Одной из наиболее изученных тем казахской литературы является характер. Основной причиной этого стало то, что в ходе последующих обширных исследований невозможно было лично изучить казахского героя. В царской России, в советский период казахская литература изучалась на подсобном, прицепном литературном учете. Передовая литература считалась русской литературой, и казахская литература оставалась лишь образцом для подражания. Это, в свою очередь, не позволяло проводить самостоятельные исследования. Даже старшие герои казахской литературы Алтамысского, Кобыландинского происхождения не могли выйти за рамки различных ограничений, видя кагазжу. Даже эти персонажи были исключены из литературы и остались необученными. Причина в том, что они были героями нации и народа. Чтобы не разбудить сознание нации, язык главных героев в ядре страны был обрезан.*

*А личность героя состоит из складок и сложных слоев. Время жизни героя, его мечты и направления, его идеалы и желания – все это объединяет и сообщает о состоянии народа, создавшего не только героя того времени. Очень трудно быть кем-то из зрелой страны, где вырос герой. В какой-то момент дух, очевидно, продолжает подпрыгивать на милтексте, спонсируемом которого он является. Именно поэтому завоеватель, захватчик пытается свергнуть героев литературы – Байтереков в духовном саду каждой страны. Страна старается сохранить в памяти своего литературного героя, а не убивать его на ветру. Эта наша статья – всего лишь один шаг к изучению персонажа нации. Литературная ткань, главное ядро останутся героями. Другого*

*пути нет. Когда нация обновляется, она не может оторваться от своего любимого персонажа, даже если она выбросит все необходимое.*

*Ключевые слова: личность героя, изменение, идеал нации, душа героя, опора духа, казахская литература, ткань литературы.*

\*S. T. Elikpayev<sup>1</sup>, B. K. Kapassova<sup>2</sup>, D. A. Kozhas<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 13.03.23.

## **THE CHARACTER OF THE HERO IN KAZAKH LITERATURE: CHANGE AND EXPANSION**

*One of the most studied topics in Kazakh literature is the character of the hero. The main reason for this was that during the subsequent extensive research, it was not possible to study the Kazakh character personally. In Tsarist Russia, in the Soviet period, Kazakh literature was studied on the basis of auxiliary, attachment literature. Advanced literature was considered Russian literature, and Kazakh literature remained only a model. This, in turn, did not allow independent research. Even senior batyrs of Alpamys and Koblandy origin in Kazakh literature, seeing kagazhu, could not overcome various restrictions. Even these characters were removed from the literature and left untrained. The reason for this was that they were heroes of the nation and people. In order not to awaken the consciousness of the nation, the tongues of the main characters in the core of the country were cut.*

*And the character's personality consists of layers and complex layers. The time of the hero's life, his dreams and goals, ideals and desires all come together and inform about the state of the people who create it, and not just the hero at that time. It is very difficult to be a Bodan of a mature country where the hero grew up. «I don't know», he said. Therefore, the Conqueror, the invader, seeks to preserve the spiritual garden of each country's Conqueror-the heroes of literature. The high ideal country is trying to keep its literary hero in memory and not kill him in the wind of time. This article of ours is a step towards exploring the hero of the nation. The fabric of literature, the main core, will remain the hero. There is no other way. When a nation is renewed, it cannot be separated from its literature, its favorite hero, even if it throws away all the unnecessary.*

*Keywords: hero's personality, change, national ideals, hero's soul, spirit support, Kazakh literature, literature.*

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz